

**Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың қызметкерлерін аттестациялау жөніндегі
Уақытша Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - ғылым академиясы 1997 жылғы 19 желтоқсан N 241 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 сәуір N 506 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 911 бұйрығымен.

Ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің іскерлік қабілеті және адамгершілік қасиеттерін зерттеп білу негізінде олардың сапалық құрамын жақсарту жөніндегі жұмысты жүргізу мақсатымен **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерін аттестациялау жөніндегі қоса беріліп отырған Уақытша Ереже, ішкі ведомстволық келісімі бар (келісім қағазы қоса берілген), бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңы қабылданып, күшіне енгеннен кейін осы Уақытша Ереже қайта өндөледі және соңғы редакциясы қайта бекітіледі деп белгіленсін.

3. Осы Уақытша Ереженің мәтіні "Наука Казахстана" газетінде жариялансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды нормативтік-құқықтық қамтамасыздандыру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі департамент директоры А.О. Қосуновқа жүктелсін.

Министр-президент

ҚР ғылым министрі - ғылым

академиясы президентінің

19.12.1997 ж. N 241

бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың

қызметкерлерін аттестациялау

УАҚЫТША ЕРЕЖЕ туралы

Осы Уақытша ереже Қазақстан Республикасы ғылыми мекемелерінің басшы қызметкерлері мен мамандарын аттестациялауды өткізу дің тәртібі және шарттарын белгілейді, және ол күшін жойып немесе еңбек туралы Заң шығып жаңа Ереже қабылданғанға дейін қолданыста болады.

1. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың басшы қызметкерлері мен мамандарын (бұдан әрі қызметкерлерін) аттестациялау оларды барынша тиімді пайдалану, кадрлардың құрамдық сапасын жақсарту, лауазымдық міндеттерінен туындастын

нақты талаптарға сүйене отырып, олардың қызметін әділ бағалаудың арқасында еңбек тиімділігі мен іскерлік қабілетін арттыру мақсатымен жүргізіледі.

2. Басшы қызметкерлерді аттестациялауда олардың кәсіптік деңгейі, құқықтық мәдениеті, адамдармен жұмыс істеу және ұжымда шығармашылық жағдай жасай білу шеберліктері бағаланады.

Мамандарды аттестациялауда олардың еңбегінің тиімділігі мен сапасы, өз жұмысын білуі, қызметкерлермен өзара қарым-қатынас, өзін өзі тәрбиелей білу қабілеттері ескеріледі.

Қызметкерлердің барлық категориясын аттестациялауда олардың белгілігінің Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген лауазымдық сипаттамаларына сайма-сайлығы, және қызметтік перспективалары туралы қорытындылар жасалады.

3. Екі-үш жылға контрактылық негізде лауазымға тағайындалғандар мен кіші қызметші персоналдан басқа қызметкерлердің бәрі тегіс аттестациялауға жатады.

Еңбек келісімі бойынша жұмыс істегеніне бір жыл толмаған қызметкерлер, екіқабат және бала құту үшін демалыс алған әйелдер, жолдамамен келген жас мамандар көрсетілген мерзімі біткенше аттестациялаудан босатылады.

4. Қызметкерлерді аттестациялау, тәртіп бойынша бірінші басшының шешімімен жылына бір рет, бірақ әрбір үш жылда бір реттен кем болмай өткізіледі. Бірінші басшыны жоғары ұйым аттестациядан өткізеді.

5. Аттестациялаудың негізгі критерийі қызметкерлердің белгілілігі және олардың лауазымдық міндеттерін атқарудағы қол жеткен нәтижелері, табыстары болып табылады. Сонымен бірге қызметкерлердің барлығы үшін жалпы көрсеткішпен қатар (білім деңгейі, осы және соған ұқсас қызметтегі еңбек өтілі), дербестік деңгейі (дәрежесі), тапсырманы сапалы және уақтылы орындауы, қызметкер белгілігінің тапсырма күрделілігіне сәйкестігі, орындалатын жұмысқа қосқан жеке үлесі, кәсіптік деңгейін жетілдіруі, сондай-ақ тиімді қызмет пен ұжым ішінде жайлыш рухани қалып ұйымдастыра білуі де бағаланады.

6. Аттестация жүргізуде Қазақстан Республикасы Фылым министрлігі-Фылым академиясының ғылыми-ұйымдастыру бөлімшесі консультациялық көмек көрсетеді.

7. Аттестация жүргізуге даярлықты ғылыми ұйымның әкімшілігі кәсіподақ органының қатысуымен кадр қызметі арқылы ұйымдастырады да оған мынадай іс-шаралар кіреді:

- аттестациялаудың мақсаттары, тәртібі және шарттарын түсіндіру жұмысы;
- аттестация жүргізудің кестесін әзірлеу;
- аттестациядан өтетін қызметкерлерге ұсынымдар даярлау;

- аттестациялау комиссияларын құру және оның қызметін қамтамасыз ету.

8. Аттестация жүргізу кестесін ұйымның басшысы бекітеді және ол аттестациялаудан кемінде бір ай бұрын хабарланады. Кестеде мыналар анық

көрсетіледі:

- аттестацияланатын қызметкерлер істейтін бөлімшениң атауы, қызметкерлердің тегі, аты-жөні, қызметі, аттестация өткізілген күні, аттестациялық комиссияға ұсынымның тапсырылған мерзімі, сондай-ақ оны дайындауға жауапты қызметкерлердің лауазымы мен аты-жөні.

9. Ұйымның басшылар құрамын аттестациялау, тәртіп бойынша, олардың қарауындағы басқа қызметкерлерді аттестациялаудың алдында жүргізіледі.

Аттестациялау комиссиясының мүшесі аттестациядан жалпы негізде өтеді, бірақ өз кандидатурасына дауыс беруге қатыспайды.

10. Ғылыми кеңеспен келісіп кадр қызметі ұсынған аттестациялау комиссиясының құрамы мен оның төрағасын ғылыми ұйымның басшысы бекітеді. Аттестациялау комиссиясының құрамына бөлімшелер басшылары, кәсіподак ұйымдарының өкілдері мен Заң кеңесшілері, жоғары білкті және тәжірибелі мамандар кіреді, соның ішінде кемінде бір адам сырттан шақырылған өкіл болады. Мекеменің ерекшелігіне байланысты бірнеше аттестациялау комиссиясын құруға рұқсат етіледі. Сырттан шақырылатын өкілдің кандидатурасын жоғары ұйым белгілейді.

11. Аттестациялауға жататын әрбір қызметкерге бөлімшениң тікелей жетекшісі оның басталуына кемінде екі апта қалғанда осы Ереженің 2 тармағының талаптарына сәйкес ұсыным даярлайды.

Аттестацияланатын қызметкер ұсыныммен аттестацияға екі апта қалғанда танысуы шарт.

12. Аттестациялау комиссиясы берілген ұсынымды қарап, аттестацияланатын қызметкер мен бөлімше жетекшісін тыңдайды. Комиссия талқылау қорытындысы бойынша қызметкердің белгілі лауазымға сәйкестігі туралы біліктілік бағасын береді ("атқаратын қызметтік міндептіне сәйкес келеді", "атқаратын қызметтік міндептіне сәйкес келмейді" және "шартты түрге дейін аттестацияланды"), қажет болған жағдайда, аттестацияланған қызметкердің лауазымын жоғарылату немесе оған сыйлық беру туралы ұсыныс береді. Эр түрлі біліктілік бағасына берілген дауыстар тепе-тең болған жағдайда шешім аттестацияланушы қызметкердің пайдасына қабылданады.

13. Аттестацияланатын қызметкер аттестациялау комиссиясының отырысына дәлелсіз себеппен келмеген жағдайда комиссия оны өзі қол қойып танысқаннан кейін тапсырылған құжаттар негізінде сыртынан аттестациялауына болады.

14. Қызметкердің біліктілігі туралы баға мен комиссияның ұсынысы аттестацияланатын қызметкерді қатынастырмай ашық дауыспен қабылданады.

Аттестациялау комиссиясының дауыс беру процедурасы, республикадан тыс жерде жүрген мүшелерінен басқалары міндепті түрде мәжіліске түгел қатысқан жағдайда ғана өтеді. Дауыс беру қорытындысы көпшілік дауыспен анықталады, және сырттан шақырылған өкілдің дауысы көпшілік дауыспен бірдей болса, онда аттестацияланған қызметкерлер туралы қабылданған шешім оған дауыс беріп бола сала хабарланаады.

15. Сырттан шақырылған өкілдің дауысы көпшілік дауыспен бірдей болмаған жағдайда, аттестациялау комиссиясы сырттан шақырылған өкілдің дәлелдерін тындалап, біліктілікке берген бағаны және комиссияның ұсынысын қайта дауысқа салады. Аттестацияланған қызметкерге комиссия мүшелерінің $\frac{3}{4}$ дауыс бергенде шешім оған хабарланаады. Егер комиссия керекті дауыс санын ала алмаса, онда "шартты түрге дейін аттестацияланады" деген шешім қабылданады.

16. Біліктілік бағасы мен аттестациялау комиссиясының ұсынысы қызметкердің аттестациялық қағазына жазылады (аттестациялық қағаз қоса беріліп отыр), оған комиссияның төрағасы, хатшысы, және дауыс беруге қатысқан мүшелері қол қояды. Қызметкердің аттестациялау қағазы, өзі қол қойып танысқаннан кейін оның дербес іс қағазында сақталады.

17. Аттестациядан өткен қызметкердің әрқайсысына аттестациялау комиссиясы жазған ұсыныстарды кадр қызметі бір апта ішінде мекеме басшысына тапсырады. Мекеме басшысы қызметкер аттестацияланғаннан кейін бір айлық мерзімде комиссияның ұсынысы бойынша тиісті шешім қабылдайды.

18. Аттестациялау комиссиясы атқаратын қызметіне сәйкес келмейді деп таныған қызметкер кәсіптік қайта даярлауға жіберілуі, қызметінде төмендетілуі немесе зандарда көрсетілген тәртіппен қызметтен босатылуы мүмкін.

19. Шартты түрде белгілі мерзімге дейін аттестацияланған қызметкер көрсетілген уақыты өткеннен кейінгі кезекті аттестациялау кестесіне енгізіледі.

20. Қызметкерлерді аттестациялау қорытындысы тиісті ғылым бөлімшелері бюросы мен Ұлттық ғылыми орталықтардың ғылыми-техникалық кеңестері мәжілістерінде бақылау жолымен қаралады.

21. Аттестацияға қатысты еңбек даулары осындай таластар тәртібін анықтайтын қолданылып жүрген зандарға сәйкес қаралады.

Мемлекеттік

ғылыми

Ұйымдардың

қызметкерлерін

аттестациялау

туралы

Уақытша Ережеге қосымша

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ҚАҒАЗЫ

1. Фамилиясы, аты-жөні _____

2. Туған жылы _____

3. Білімі және кәсіптік біліктілігін жетілдіру туралы

мәліметтер _____
(қай оқу орнын және қашан бітірген, білімі бойынша мамандығы мен
біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)
4. Аттестация уақытындағы қызметі және сол қызметке
тағайындалған күні _____
5. Жалпы еңбек өтілі _____
6. Аттестациялау комиссиясы мүшелерінің ескертпелері мен
ұсыныстары _____
7. Аттестациядан өтуші қызметкердің ескертулері мен ұсыныстары _____

8. Қызметкердің біліктілігі туралы баға:
Осы бағаны жақтап дауыс бергендер _____ қарсы болғандар _____.
9. Аттестациялау комиссиясының ұсынымдары _____

Аттестациялау комиссиясының төрағасы _____
Аттестациялау комиссиясының хатшысы _____
Аттестациялау комиссиясының мүшелері _____
Аттестация күні _____
Аттестациялық қағазбен таныстым _____
қызметкердің қолы мен
танысқан күні